

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер үшін ақы алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 сәуірде N 746 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 114 қаулысымен

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 114 қаулысынан Үзінді:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жаңа дизайндағы банкнота енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының қолма-қол ақшамен жұмысын реттеу бөлігінде жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Б а с қ а р м а с ы Қ А У Л ы Е Т Е Д І:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қосымшаға сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

...

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2006 жылғы 27 қазандағы
N 114 қаулысына*

қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының, екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтер үшін ақы алу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 82 қаулысы, Нормативтік құқықтық актілерді

Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 300 қаулысымен.

Қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алуы туралы ережелер бекітілсін және 1999 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енгізілсін.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 300 қаулысымен.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 300 қаулысымен.

4. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алуы туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін;

2) осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алуы туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелері мен филиалдарына жіберсін, оларға жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерді екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберуді міндеттесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З. Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 20 сәуірдегі
N 82 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
филиалдарының екінші деңгейдегі банктерге және банк
операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алуы туралы
Ережелер**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық банк) екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі - банктер) кассалық қызмет көрсету жөніндегі шығынының орнын толтыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары жасалған шарттардың талаптарына сәйкес және Ұлттық Банк бекіткен тарифтер негізінде банктерге ақылы кассалық қызмет көрсетеді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Ұлттық Банктің филиалдарында банктерге кассалық қызмет көрсетілгені үшін ақы алу тәртібін белгілейді.

2. Ұлттық Банктің тарифтеріне енгізілген жұмсалған шығын құрамына қолма-қол ақшаны қайта есептеу, қалыпқа келтіру және орау бойынша шығыстар кіреді.

3. Ұлттық Банктің кассалық қызмет көрсету тарифтерінде қолма-қол ақшаны жасауға, Ұлттық Банктің филиалдары арасында тасымалдауға, ескірген ақша белгілерін айналымнан шығаруға және оларды жоюға жұмсалған шығынның орнын толтыру көзделмеген.

3-1. Ұлттық Банк филиалдарының қолма-қол ақшаны қабылдау және беруі Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі

Ескерту: 3-1-тармақпен толықырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысымен .

**2. Ұлттық Банк филиалдарының қолма-қол ақшаны
қабылдау жөніндегі операцияларының
есебін жүргізу тәртібі**

Ескерту: 2-тарау (4-5-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысымен .

**3. Ұлттық Банк филиалдарының қолма-қол ақшаны беру
жөніндегі операцияларының есебін жүргізу тәртібі**

Ескерту: 3-тарау (6-7-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысымен .

4. Ұлттық Банк филиалдарының банктерге кассалық қызмет көрсету туралы есебін жасау тәртібі

8. Ұлттық Банк филиалының касса меңгерушісі ай сайын осы Ережелердің 3-қосымшасында көрсетілген нысанда "Ұлттық Банк филиалдарының банктерге кассалық қызмет көрсетуі туралы" есебін (бұдан әрі - кассалық қызмет көрсету туралы есеп) жасайды .

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысымен .

9. Кассалық қызмет көрсету туралы есепті әр банк жеке жасайды және есеп беріліп отырған айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей өздерінде бар байланыс құралдары арқылы электронды жазбада Ұлттық Банктің қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесіне береді. Есептің қағазға түсірілген бір данасына касса меңгерушісі мен филиалдың басшысы қол қойып, Ұлттық Банктің филиалында сақтауға тиіс .

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .

10. Ұлттық Банктің қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі ай сайын есепті айдан кейінгі айдың тоғызынан кешіктірмей Ұлттық Банк филиалдарының кассалық қызмет көрсету туралы есептерінің негізінде Ереженің 4-қосымшасына сай нысан бойынша банктер бөлігінде есептер жиынтығын (бұдан әрі - Банктер бойынша жиынтық) жасайды .

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .

5. Ұлттық Банк филиалдарының банктерге кассалық қызмет көрсеткені үшін ақы алу тәртібі

11. Ұлттық Банктің Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі:

1) онынан кешіктірмей Банктер бойынша жиынтықтың негізінде банктер бөлігінде белгіленген тарифтер бойынша кассалық қызмет көрсету бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу есебін, банкке ақы төлеу үшін шот-фактура дайындап, жібереді;

2) есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей Ұлттық Банктің банктердің корреспонденттік шоттары жүргізілетін бөлімшесіне банктік шот шартында белгіленген мерзімде кассалық қызмет көрсету бойынша қызметке ақы төлемеген банктердің тізімін (бұдан әрі - Банктердің тізімі) тиісті шот-фактураларды қоса бере отырып жібереді.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен

, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен , 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 158 қаулысымен .

12. Ұлттық Банктің банктердің корреспонденттік шоттары жүргізілетін бөлімшесі қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесінен Банктердің тізімін алғаннан кейін корреспонденттік шоттың шартында көрсетілген талаптарға сәйкес банктердің корреспонденттік шоттарынан тиісті шот-фактурада көрсетілген мөлшерде ақша алады (есептен шығарады).

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен , 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен .

1 3 . < * >

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .

6. Қорытынды ережелер

14. Егер Ережелерде көзделген мәліметтерді беру күні жұмыс күні болмаған жағдайда, орындалу күні келесі жұмыс күні болып саналады.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

2 0

с ә у і р д е г і

N

8 2

қ а у л ы с ы н а

N 1 қосымша

Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктер) кассалық қызмет көрсеткені үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарифтері:

1. Банктерден қолма-қол ақшаны қабылдау - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары қабылдаған қолма-қол ақша сомасынан 0,02%.*

2. Банктерге қолма-қол ақшаны беру - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары берген қолма-қол ақша сомасынан 0,02%.*

Ескерту: Ұлттық Банктің филиалының ақша қабылдағаны-өткізгені үшін т а р и ф а л ы н б а й д ы .

Ұлттық Банктің филиалы құны 1, 3 және 5, 10, 20, 50 теңгелік банкноттарды қабылдағаны үшін тарифтік ақы алмайды.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 381 қаулысымен , 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 14 қаулысымен .

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі филиалдарының
 екінші деңгейдегі банктерге
 және банк операцияларының
 жекелеген түрлерін жүзеге
 асыратын ұйымдарға кассалық
 қызмет көрсеткені үшін ақы
 алу ережесіне

1-қосымша

*Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банк
 Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____
 (филиалдың атауы)

филиалының _____
 (банктің атауы) (кіріс құжатының атауы)

қолма-қол ақша қабылдап алғаны туралы 200_ жылғы _____ N _____

Анықтама

N р/с	Номиналы, теңге		Кіріс	
		саны	сомасы, теңге	
1	2	3	4	

1 .	Ж а р а м д ы		б а н к н о т т а р		
			1	0	0
			2	0	0
			5	0	0
			1	0	0
			2	0	0
			5	0	0
			1	0	0
			0	0	0

2 .	Т о з ы ғы		ж е т к е н		
			б а н к н о т т а р		
			1		
			3		
			5		
			1		0

2			0
5			0
1	0		0
2	0		0
5	0		0
1	0	0	0
2	0	0	0
5	0	0	0
1	0	0	0

Б а н к н о т т а р д ы ң
ж и ы н т ы ғ ы :

3 .

М о н е т а л а р

1			
5			
1			0
2			0
5			0
1	0		0

М о н е т а л а р д ы ң
ж и ы н т ы ғ ы :

Қ о л м а - қ о л
банк қызметкері

а қ ш а

т а п с ы р ғ а н

(қ о л ы)

(ф а м и л и я с ы)

Қ о л м а - қ о л
касса қызметкері

а қ ш а н ы

қ а б ы л д а ғ а н

(қ о л ы)

(ф а м и л и я с ы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі филиалдарының екінші
деңгейдегі банктерге және
банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет
көрсеткені үшін ақы алу ережесіне

2-қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____
(филиалдың атауы)

филиалының _____
(банктің атауы) _____ (шығыс құжатының атауы)

қолма-қол ақша бергені туралы 200_ жылғы _____ N _____

Анықтама

Номиналы, теңге	саны	Шығыс сомасы, теңге
1	2	3

Банкноттар

1	0	0		
2	0	0		
5	0	0		
1	0	0	0	
2	0	0	0	
5	0	0	0	
1	0	0	0	0

Банкноттардың

жиынтығы:

Монеталар

1		
5		
1		0
2		0
5		0
1	0	0

Монеталардың

жиынтығы:

Қолма-қол ақша алуға арналған Өтінімде
көрсетілген сома, теңге

Касса меңгерушісі

_____ (қолы)

_____ (фамилиясы)

Филиал директоры
(қолы)

_____ (фамилиясы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі филиалдарының екінші
деңгейдегі банктерге және
банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға кассалық қызмет
көрсеткені үшін ақы алу ережесіне

3-қосымша

*Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банк
Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____
(филиалдың атауы)

филиалының 200_ жылғы " _ " _____ банктерге кассалық қызмет
көрсетуі туралы

Есебі

N р/с	Банк филиа. лының атауы	Бас банк. тің коды	Банкноттар				Монеталар			
			Кіріс, теңге	Шығыс, теңге	Кіріс, теңге	Шығыс, теңге				
			1- 1000	2000- 10000	тоз. ған	1- 1000	2000- 10000			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

- 7.
- 8.
- ...

Ж и ы н т ы ғ ы

таблицаның жалғасы

N p/c	Кассалық қызмет көрсетудің жиынтығы
	К і р і с Ш ы ғ ы с
	(4 ж о л + (7 ж о л +
	5 ж о л 8 ж о л +
	+ 6 ж о л + + 1 0 ж о л)
	9 ж о л)
1	1 1 1 2

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- ...

Ж и ы н т ы ғ ы

Касса меңгерушісі _____ (қолы) _____ (фамилиясы)

Филиал директоры _____ (қолы) _____ (фамилиясы)

Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі филиалдарының екінші
деңгейдегі банктерге
және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдарға кассалық
қызмет көрсеткені үшін ақы

4-қосымша

Ескерту: 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 455 қаулысымен .

Банктер бөлігінде кассалық қызмет көрсету туралы есептер жинағы

N р/с	Банктің	Банктің атауы	Кіріс бойынша	Шығыс	Жиынтығы
	коды		тариф		бойынша
					т а р и ф
1	2	3	4	5	6

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.

Ж и ы н т ы ғ ы

Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу
бөлімшесінің басшысы

_____ (қолы) _____ (фамилиясы)

Орындаушы _____
(қолы) (фамилиясы)